

## ОНЛАЙН КОНФЕРЕНЦИЯ



**Жуырда филология және әлем тілдері факультеті шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының ұйымдастыруымен «Лингводидактикадағы инновациялық технологиялар» атты ғылыми және оқу-әдістемелік онлайн конференция болып өтті.**

Шараның мақсаты — қазіргі таңдағы лингвистика мен лингводидактикада инновациялық технологияларды тиімді қолдану мәселелерін, сонымен қатар соңғы тәжірибелерге сүйеніп жазылған ғылыми жаңалықтар мен тұжырымдарды ортаға салып, пікір алмасу. Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының менеджері, Ph.D. докторы Д.А. Қарағойшиева отандық, жақын және алыс шетелдік қонақтар, кафедраның оқытушы-профессорлар құрамы, докторанттар, магистранттар мен студенттерге конференцияға қатысқандары үшін алғыс білдіріп, аталмыш конференцияның жұмыс тәртібімен таныстырды. Филология және әлем тілдері факультеті деканының орынбасары Кенжетай Күркебаев «Шетел филологиясы» мен «Аударма ісі» мамандықтары түлектерін дайындайтын кафедра ұжымының қазіргі заман талаптарына сай ұйымдастырып отырған екінші «Лингводидактикадағы инновациялық технологиялар» атты халықаралық ғылыми және оқу-әдістемелік конференциясын ашып, оның көтеріп отырған мәселелерінің оқу үдерісінде ғылыми және әдістемелік тұрғыда тәжірибе алмасуда маңызды қадам екенін айтты.

Кафедра профессоры Темірғали Есембеков өз баяндамасында мәтіндер арқылы көрінетін тілдік тұлға феномені тезуарусты психикалық, әлеуметтік және этикалық компоненттерден тұратын күрделі құрылым әрі адам танымындағы, яғни шығармашылығындағы ұғымдар бірліктерінен құралатын когнитивтік деңгей екенін айрықша атап өтті.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті шетел тілдері теориясы мен тәжірибесі

кафедрасының оқытушылары Шара Сүлейменова, Эльмира Мұхамеджанова және Америка елінің Огайо штаты өкілі Ph.D. Taylor Benjamin «уақыт» ұғымының қазақ және батыс елдерінде әртүрлі берілу нұсқаларының ерекшеліктерін салыстыра отырып, баяндамаларын ағылшын тілінде жеткізді.

Ишенали Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университетінің оқытушылары Г. Ақунова мен Қ. Шамбеталиев скайп арқылы өз баяндамаларында онлайн желісінде шетел тілін оқыту арқылы студенттердің шығармашылық белсенділігін арттыру күн тәртібіндегі өзекті мәселе екендігіне үлкен мән беріп, өз тәжірибелерін ортаға салды.

Словакия мемлекеті Нитра қаласы Философ Константин атындағы университеттен келген Chvalova Katarina мен Eva Stranovska «Effective teacher's course-book use in foreign language teaching» атты мақаласын оқып, шетел тілін тиімді оқу құралдары арқылы оқытудың әлемдегі ең озық технологияларымен таныстырды.

Конференция пленарлық мәжілісінің соңғы бөлімінде кафедра оқытушылары Әнуар Тарак — қазақ тілінде, ал Гүлсім Сүлейменова ағылшын тілінде жоғары деңгейде баяндама жасап, тіл мәселесіндегі ерекшеліктер мен жетістіктерге тоқталды. Сонымен, үш тілде бірдей жүргізілген конференция барысында кәсіби деңгейде дайындалған таныстырылымдар да ұстаздар біліктілігін айқындай түсті.

**Магүлсім ЖАҢАБЕКОВА,  
Данель ҚАРАҒОЙШИЕВА,**  
шетел филологиясы және аударма ісі  
кафедрасының оқытушылары